

# ҚЫЛМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРДЫҢ КРИМИНАЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Байкенжина К.А., Беғаз Б.  
Қарағанды қ., ҚР

**Андатпа:** Мақалада қылмысты ұйымдастырушылардың криминологиялық сипаттамалары беріліп және оған талдау жасалады.

**Кілт сөздер:** ұйымдастырушы тұлғасы, отбасылық жағдайы, білім деңгейі, көсем, жеке авторитет.

Қылмыскерлер тұлғаларын зерттеудің бүгінгі күнде өзектілігі зор. Себебі қылмыскер тұлғасы мәселесі қылмыс табиғаты, оның себебі, жолдары, алдын алу құралдары мәселесінен бөлінбейді. Бұл мәселенің шешімі қоғамға қарсы әрекет себебін анықтауға және қылмыс жасаған тұлғаларды қоғамның өміріне енгізудің тиімді жолдарын табуға көмектеседі.

Егер, қылмыскер тұлғасының жалпы анықтамасын (оның теориялық, тәжірибелік мәнін) барлық ғалымдар қолдай бермесе де олардың көбі қылмыскерлердің кейбір түрлерінің тұлғасын ғылыми түрде зерттеу қажеттігін әділ атап көрсетеді. Мысалы, Е.О.Алауханов қылмыскер тұлғасының жалпы ұғымынан бас тарту қылмыскерлердің әр түрлі топтарымен жеке қылмыскерлерге криминологиялық жағынан дәл әлеуметтік және психологиялық сипаттама беруді жоққа шығармайды, керісінше өте қажеттігін көрсетеді деп санайды [1, 26-2766].

Осы даусыз ереже біздің ойымызша қылмысқа қатысушыларға да толығымен таралуы тиіс. Криминологиялық жағынан алғанда топтық қылмыс саласы ең аз зерттелген сала болып табылады.

Қылмыстық топ мүшелерінің қоғамға қарсы әрекеттерінің себептерін зерттеу кезінде қылмысқа қатысушылар тұлғасын, әсіресе солардың ішіндегі ең қауіптісі болып табылатын қылмысты ұйымдастырушы тұлғасын зерттеу маңызды орын алады, өйткені ол өзін-өзі ұстаудың топтық нормаларының мәнісін тереңірек зерттеп, ұйымдастырушының басқа қатысушыларға әсер ету механизмін ашуға көмектеседі.

Ең қауіпті қатысушы тұлғасының яғни, ұйымдастырушының криминологиялық және әлеуметтік психологиялық сипаттамасының маңыздылығы, ол қылмыстық жазаны дұрыс қолдану, бас еркінен айыру орындарында жеке тәрбие жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру қажеттігіне байланысты және топтық, рецидивистік қылмыстардың алдын алу шараларын жасап, сәтті өткізудің маңызды алғы шарттарының бірі болып табылады.

Біздің ойымызша, ұйымдастырушы тұлғасы туралы толық мағлұмат алу үшін оның әрекетін басқа қатысушылардан ажыратып немесе байланыстыратын қасиет белгілер негізінде талдау қажет. Қылмыс қауіптілігі күрделірек болған сайын оның ұйымдастыру деңгейі де жоғары болады. Себебі, дәл осы топтың ұйымшылдығы қылмыстық нәтижеге жетуде сәттілік тудырады. Қылмыстың құрамы өзгеріссіз тұра бермейді, керісінше динамикалық түрлер ылғи өзгеріп тұрады.

Қылмыстық топтардың сандық құрамы, сипаты төмендегідей: топтар 32,8%-і - екі қатысушыдан, 39,1%-і үш қатысушыдан, 12,7%-і 4 қатысушыдан, 15,4%-і 5 және одан көп қатысушыдан тұрған. Бұл мәліметтер ұйымдастырушылардың көбінесе 2-3 адамдық топтарды пайдаланғанын көрсетеді. Бұл түсінікті де, себебі үлкен топтар бірден құқық қорғау органдарының көзіне түседі.

Ауылдық жерлерде топтық қылмыстардың тек 18,2%-і жасалады. Ол жердегі адамдар бәрі бірін-бірі таниды, сондықтан топ бірден көзге түседі. Топтық қылмыстардың көбі (62,9%) қоғамдық орындарда: көшеде, паркте, вокзалда, жатақханада т.б. жерде жасалады. Қылмыс жасау уақытын ұйымдастырушылар түнгі уақытқа қояды, оған дәлел бүкіл қылмыстардың 60%-і түнде, 33%-і кешкі уақытта, ал таңертең және күндіз тек 7%-і жасалған. Қылмыстық жауапкершілікке тартылған ұйымдастырушылардың 93,2%-і еркектер, 6,8%-і әйелдер. Сондай-ақ, ұйымдастырушылардың ішінде ең саны көп топты 18-30 жас арасындағы тұлғалар құрайды.

Олардың 19%-і кәмелетке толмағандар, жартысынан көбі 9-11 жастан бастап полицияда тіркеуде тұрған әр түрлі құқық бұзушылығы үшін полиция бөліміне әкелінгендер болып табылады. Ұйымдастырушылар білімі бойынша: шаласауатты -18,1%, сауатты-81,9 % , яғни білімі жоғары болып келеді [2, 366].

Қылмыскерлердің басқа түрлеріне қарағанда ұйымдастырушылардың сауаттылық деңгейінің жоғары болуының себебі, ұйымдастырушы, яғни қылмыстық топтың көсемі болуы үшін тұлғаға басқа қатысушылардан озып шығатындай белгілі бір қасиеттер, бастама және белсенділік жалпы және арнайы білім деңгейі, ерік жігер, «жеке авторитет» басқа адамдарды маңына топтастыру, оларға өз қылмыстық жоспарын таңа алатындай қабілеттердің болуы қажеттілігі.

Кейде шала сауатты, қабілеті төмен адамдар да ұйымдастырушы болады, бірақ олар өзінің қылмыстық мақсатына жетуде еш нәрседен бас тартпайтын, қатал, қоғамға қарсылығы тұрақты тұлға болып келеді. Жанұялық жағынан келгенде ұйымдастырушылар: үйленгендер - 29,1%, бойдақ, айырылысқандар - 69,1%, азаматтық некеде тұрғандар - 1,8% болып келеді.

Зерттелінген қылмыс жасаушылардың көбінің жанұясы жоқ. Жанұялы адам көптеген әлеуметтік пайдалы рөлдер мен байланыстарды атқарады, бұл құқық бұзудан сақтандырушы жағдайларға жатады. Зерттеу бойынша неке қатынастары бар ұйымдастырушылардың көбінің жанұя жағдайы дұрыс бола бермегендіктен, яғни отбасындағы дау-дамай, төбелес, уақытша жеке тұру, ішімдік ішуге әуестік т.б. көзқарастарындағы айырмашылық қылмысқа барудың себебін тударады.

Ұйымдастырушылардың сипаттамасын жалғастыра отырып, олардың құқыққа қайшы тәртібіне осы тұлғалардың әлеуметтік қарсы бағыттылығы маңызды әсер ететінін атай отырып, әрбір төртінші ауыр қылмыс қылмыс жасаушы тұлғаның маскүйінде жасағандығын көрсетеді.

Тұлғаның қалыптасуының маңызды факторының бірі - қоғамдық өмірге қатысу болып табылады. «Қоғамдық өмірге қатыспайтын жастарда ересекке тән жауапкершілік қалыптаспайды. Олардың белсенділігі қоғамға қарсы бағытта дамып, маскүнемдік, бұзақылық т.б. қылмыс формаларына ұштасады», - деп атап көрсетеді заңгер ғалым Р.Е.Жансараева [3, 1276].

Ұйымдастырушы тұлғасының ерекше белгісі - өз айналасында белгілі бір, қоғамға қарсы топ құру, өзін-өзі танытуға ұмтылу, өзі құрған топтың ішінде жетекшілікке ұмтылу. Бұл ерекшелік тек бостандықта ғана емес жазасын өтеу уақытында да байқалады. Олардың басым көпшілігінің жазасын өтеп жүріп, жаман жағынан көзге түскендерден топтар құратындығын, кейбір мүшелерін қорқытып кіргізетіндігін көрсетеді.

Бұл топтардың іс-әрекеті түзелген сотталғандарды қорқытып, үркітуге бағытталған. Әкімшілік өкілдерінің айтуынша сотталғандардың бұл санаты еңбек пен тәртіпке үйренбеген, адамгершілік қасиеттері төмен, оларға эгоизм, жаулық, қылмысқа итермелеу,

қоғамдық пікір мен ұйымға селқостық сияқты қасиеттер тән. Осылардың барлығынан ұйымдастырушылардың әлеуметтік портретін, моделін құрауға болады.

Олардың тұлғасының сана-сезімдік қасиеттеріне ерікті жігер, өз тұлғасының басқалардың есебінен көтеру, нақты жағдайларға байланысты әртүрлі тәртіп формаларын ұстану, басқаларды өз еркіне бағындыра алу, қоғамдық пікірге құлақ аспау, қылмысты салқын қандылықпен дайындау, мақсатқа жетудегі шешімділік сияқты қасиеттер тән.

Ұйымдастырушы тұлғаның психологиялық қасиеттеріне эгоизм, жаулық, қаталдық, бастамашылдық, басқа қатысушылармен психологиялық байланысты орнатып, ұстай алу қасиеттері жатады. Олар өздерінің басқалардан басымдылығын көрсетуге ұмтылады, басқа беделдерге шыдамсыз болады.

Ұйымдастырушылардың әлеуметтілікке қарсылығы қоғамға қарсы тұрақтылықты қондырмаға негізделеді. Ол белгілі бір қылмыстық тәртіптен, қылмыс жасауға іштей дайын болудан, өз іс-әрекетін толық ойластырудан қылмыстың нақты жоспарланып, батылдықпен іске асырылуынан, қылмыстық іс-шараларға деген негативті қатынастан көрінеді. Әрине жоғарыдағы бүкіл аталған белгілер мен қасиеттердің барлығы кез келген ұйымдастырушаға тән емес, бұл қасиеттердің тереңдігі де әр түрлі.

Бірақ осылардың бірлігі қылмысқа қатысқандардың ең қауіптісінің әлеуметтік бейнесін көрсетіп, ұйымдастырушы портретін береді. Ал, бұл қылмыстың алдын алу шараларын ұйымдастыру мен өткізуге жәрдемдеседі. Бұдан басқа қылмысты ұйымдастырушы тұлғасының криминалдық сипаттамасының жазаны белгілеу мен даралауға тигізетін әсері мол.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Е.О.Алауханов. Правовые, организационно-технические аспекты оперативно-розыскной деятельности по выявлению и разоблачению организованных преступных групп. Алматы.2010.

2. О.Н.Тлепбергенов.Актуальные проблемы борьбы с групповой преступностью. Алматы.2012.

3. Р.Е.Жансараева. Проблемы борьбы с преступностью в контексте национальной концепции права. Алматы.2008.